



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

правах или согласиём на оккупацию какой-либо территории. Наоборот, он освобождает землю и возвращает права.

Список использованных источников:

1. Крашенинникова Н.А История государства и права зарубежных стран. М.,2004. – 480 с.
2. Черниловский Е.В., Всеобщая история государства и права. М., 1999. - 405 с.
3. Радугин А.А. Введение в религиоведение. М.,1997. - 165 с.
- 4.<http://m.islam-today.ru/veroucenie/nacinausim/musulmanskoe-pravo/>
5. Мусульманское право. Шариат и суд. /Перевод применяемого в Османской империи гражданского свода (Мэджеллэ)./ Пер. с тур. Т.1-3. Ташкент, 1912. – 405с.
6. Мовсумова Л. Дж. Формы наказаний в мусульманском законодательстве. – М., 2007.– 284с.
7. https://www.icrc.org/rus/assets/files/other/06_irrc_858_zuhili_rus.pdf
8. Сюкияйнен Л.Р. Мусульманское право: вопросы теории и практики. – М.: Наука, 1986.– 143с.

УДК 341.17

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Катренов Думан Асқарұлы

katrenov.d@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ -ның магистранты, Астана, Қазақстан
Федеральды мемлекеттік автономды білім беру мекемесі «Мәскеу мемлекеттік
халықаралық қатынастар институты (Университет) Ресей Федерациясының Сыртқы істер
министрлігі» -нің магистранты, Мәскеу, Ресей
Ғылыми жетекшісі – А.Сабыров

Қызмет көрсету еркіндігі Еуропалық Одақтың (бұдан әрі - ЕО) тауарларының, жүріп-тұру және капитал қозғалысының еркіндігімен қатар ішкі нарығының ажырамас бөлігі болып табылады. Қызметтер саудасын ырықтандыру үдерісі оңай болған жоқ. Сонымен қатар ол өзіндік біркелкі емес дамуымен ерекшеленеді.

Қызмет көрсету бостандығының құқықтық реттеу тетігін қалыптастыру: 1957 - 1992 жж. Басқа да негізгі бостандықтармен қатар, 1957 жылғы *Еуропалық Экономикалық Қоғамдастыққұру туралы Шартында* (бұдан әрі - ЕЭҚ құру туралы шарт немесе Рим келісімшарты) қызмет көрсету еркіндігі бекітілді. ЕЭҚ құру туралы шарттың 62-бабында мүше мемлекеттерге Шарт күшіне енген сәтте іс жүзінде бар қызметтерді ұсыну бостандығына жаңа шектеулер енгізу туралы тыйым салынған. Шарт сондай-ақ ортақ нарықтың барлық еркіндіктеріне қатысты қолданылатын жалпы сипаттағы ережелерді қамтиды. Рим келісімшартында қызмет көрсетудің барлық аспектілері реттелмеген, бұл бастапқыда қызмет көрсету саласы экономика дамуының маңызды бір көзі болмағандығымен және экономика мен заң бойынша негізгі бостандықтардың басқа да объектілерімен салыстырғанда екінші роль атқарғанымен түсіндіріледі. ЕЭҚ-ты құру туралы Шарттың ережелері елеулі өзгерістерге ұшырамағанына назар аудару қажет.

Яғни, бүгінгі күннің өзіндегі ДФЕСмәтінінде қызмет көрсету еркіндігі басқа экономикалық еркіндіктермен салыстырғанда екінші ретті. Сондықтан, белгілі бір тұжырымдаманы қызмет ретінде толығымен сипаттау үшін қызметті, еркін қозғалыстың басқа нысандарынан ажырататын сипаттамаларды анықтау керек. Ескеретін жайт, бұл жағдайда Шарттың ережелері жеткіліксіз.

«Жалпыға ортақ қызметтерді ұсыну бойынша шектеулерді жоюдың жалпы бағдарламасына» сәйкес, қолданыстағы ұлттық ережелер біртіндеп қызмет көрсету бостандығына тосқауылдарды жоюға мәжбүр болды. Рим келісімшартының «Қызметтер»

тарауының нормаларымен белгіленген қызметтерді ұсыну туралы жалпы ережелер Еуропалық Кеңестің нұсқауы бойынша көрсетілді және дамыды.

Көптеген жылдар бойы Шарттың қызмет көрсету еркіндігіне қатысты ережелері интеграциялық институттардың назарында сирек болды. Кемсітушіліктің барлық түрлеріне, оның ішінде қызмет көрсету саласында белсенді түрде күрескен жалғыз Еуропалық қауымдастықтар соты (бұдан әрі - Сот) болды. Қызмет көрсету бостандығын құқықтық реттеу, негізінен, сот практикасына байланысты дамыды. Ол қолданыстағы нормативтік кемшіліктерді толтырып, қабылданған шешімдердің нәтижесінде 1970-жылдардың басында ауыл шаруашылығы, өндіріс, қолөнер және сауда сияқты салаларда трансшекаралық қызметтер ұсынуды едәуір жеңілдетуге көмектесті.

1985 жылы Комиссия бірыңғай ішкі нарыққа көшу туралы идеяны тұжырымдап, осы салада іске асырылуы керек үш жүз нақты шара мен ұсынысты анықтаған Ақ қағазды ұсынды. Ақ қағазда қолданыстағы заңнама мен оны өзгерту туралы ұсыныстарды толық талдау жасалды. Көптеген мәселелердің шешімдерінің бірі - мемлекеттік заңнамаларды үйлестіру болды.

1993 жылғы 1 қаңтарға ішкі нарық құруды көздейтін, 1987 жылы күшіне енген 1986 жылғы Бірыңғай еуропалық заң (БЕЗ) қабылданды. Осылайша, 8а бабы қосылды. Оның негізінде «ішкі нарық» тұжырымдамасының мазмұнына жалпы нарықтың негізі болған экономикалық еркіндік енгізілген. Осы еркіндіктердің мазмұны мен трансшекаралық қатынастарды ырықтандырудың жалпы қағидаттары іс жүзінде 1957 жылғы шартта айтылғандай қалып отыр.

1987 жылы Комиссия телекоммуникация саясатының негіздері мен мақсаттарын анықтайтын телекоммуникация қызметтері мен жабдықтары үшін ортақ рынокты дамыту туралы Жасыл қағазды жариялады. 1989 жылы телевизия саласын реттейтін мүше-мемлекеттердің кейбір заңнамалық және әкімшілік нормаларын үйлестіру туралы 89/552 Директивасы сияқты қызмет көрсетуді ырықтандырудың маңызды директивалары қабылданды («Шексіз теледидар» деп аталатын директива).

Осылайша, бірыңғай нарықты шындыққа айналдыру үшін институттар мен ЕО мүшелері 1985 жылдан бастап техникалық, құқықтық, бюрократиялық, әкімшілік, мәдени және протекционистік кедергілерді жою үшін қажет жүздеген директиваларды құруға және қабылдауға жеті жыл бойы айтарлықтай күш жұмсады.

Қызмет көрсету бостандығын құқықтық реттеуді дамыту: 1993-2000 жылдар. 1992 жылы *Маастрихт Келісімі қабылданды - Еуропалық Одақ туралы шарт (1993 жылғы 1 қарашадан бастап күшіне енді), бұл интеграциялық үдерістер шеңберінде бірлікті нығайту үшін институционалды, құқықтық, ұйымдық маңызды алғышарттарды құрды. Рим келісіміне елеулі түзетулер енгізілді.* Алайда тауарлардың, адамдар мен қызметтердің еркін жүруіне қатысты ережелер капиталдың еркін қозғалысына қарағанда іс жүзінде өзгерген жоқ.

Еуропалық соттың осы салада 90-шы жылдарда қабылданған шешімдерінің үлкен пайда әкелгенін тағы бір рет атап өту керек.

Сот және де қызметтің сипаттамаларын түсіндірді, сондай-ақ басқа да негізгі бостандықтардан қызмет көрсету бостандығын кеңейтуді айтарлықтай жеңілдететін критерийлерді тұжырымдады. Мысалы, C-51/96 және C-191/97 Deliege бірлескен істерін шешу туралы шешімде Сот қызмет көрсетуді қамтамасыз ету шамалы және қосалқы емес нақты да тиімді болуы керектігін атап өтті. Сот ДФЕС-тің 56-бабына сәйкес азаматтық негізіндегі кемсітушілікті ғана емес, барлық шектеулерді жоюды талап етеді, тіпті өз азаматтарына да, қызмет көрсететін басқа мүше мемлекеттердің азаматтарына да тең дәрежеде қолданады.

Сонымен қатар, Комиссияның бірыңғай ішкі нарықты құру және тиімді пайдалану процесіндегі маңызды рөлін атап өту қажет. Қызметтерді тегін ұсынудағы кедергілерді жою үшін, атап айтқанда, трансшекаралық қызметтерді ұсыну шеңберінде басқа мүше-мемлекеттің аумағында кәсіпорынға жіберілген қызметкерлердің құқықтық мәртебесін бекіту қажет болды.

Осы мақсатта қызмет көрсету аясында қызметкерлерді тағайындау туралы 96/71 Директивасы қабылданды.

1997 жылы Комиссия 1999 жылғы 1 қаңтарға бірыңғай нарықтың жұмыс істеуін жақсартуға бағытталған «Бірыңғай нарыққа арналған іс-шаралар жоспарын» қабылдады және төрт стратегиялық мақсаттарды көздеді: бірыңғай нарыққа қатысты заңнаманы тиімдірек ету; нарыққа әсер ететін іргелі қайшылықтарды жою; нарықтарды интеграциялауда секторлық кедергілерді болдырмау және ЕО азаматтарына арналған бірыңғай нарық құру. Комиссия ұсынған шараларды іске асыру нәтижесінде, ЕО тауарлар мен қызметтерге қатысты біртекті нарық қалыптастырды және халықаралық саудаға айтарлықтай жеңілдік жасады. Дегенмен, қызмет көрсету саласында тауарларды саудалауға қарағанда әлдеқайда көп проблемалар болды, бұл Комиссияның қызмет көрсету саласын ырықтандыру жөніндегі жұмысын одан әрі жалғастыруға себеп болды.

Жоғарыда көрсетілген Іс-қимыл жоспарын орындау барысында 1998 жылы «Еуропалық Одақта мемлекеттік сатып алулар» коммуникациясында Комиссия мемлекеттік сатып алу туралы заңдарды реформалау қажеттілігін атап өтті және директивалар жобасының негізін құрайтын екі негізгі міндеттерді белгіледі: біріншіден, құқықтық реттеудің икемділігін арттыру, жаңа тәжірибеге назар аудару, яғни нарықтағы нақты жағдай, екіншіден, қолданыстағы нормаларды жеңілдету.

Өзара тану қағидасына келсек, бұл нормалар мен техникалық регламенттер деңгейінде кедергілердің болуына байланысты толықтай жүзеге асырылмады, атап айтқанда қызмет көрсету бостандығына кедергі 1996 жылдан 1998 жылға дейін болды. Өзара тану қағидатын жүзеге асыруды қиындататын жағдайлар қатарында әкімшілік уақыт, әкімшілік рәсімдердің құны, күрделі мәселелерді шеше алмау, мысалы, инновациялық қызметтерге қатысты; басқа мүше-мемлекеттердің актілеріне өзара сенімсіздік және т.б мәселелер болды. Нәтижесінде Комиссия өзара тану қағидаттарын қолданудағы қиындықтарды талдады және нәтижелер 1999 жылы «Ішкі нарықты құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың бір бөлігі ретінде өзара мойындау» деген хабарда ұсынылды. Қаржылық қызметтер саласында Комиссия жалпы мүдделілік ұғымы мен тұтынушылардың құқықтарын қорғауды қарастырды. Қолданыстағы құқықтық тосқауылдар бірыңғай электрондық коммерция нарығының мүмкіндігін шектейді және сауда қатынастары саласында ұлттық айырмашылықтар, атап айтқанда жарнамаға қатысты, маңызды рөл атқарады деген қорытындыға келді.

1999 жылы өзара мойындау туралы Кеңестің шешімі осы принципті ішкі нарықтың дұрыс жұмыс істеуі үшін маңызды деп атап көрсетті.

90-шы жылдардың соңына қарай бірыңғай ішкі нарықты құру, соның ішінде қызметтерді көрсетуді ырықтандырудың нәтижесі оң сипатта болды, бұл Ақ құжатта көрсетілген еуропалық құжаттардың көпшілігі қабылданған және мүше мемлекеттердің құқықтық жүйелеріне енгізілгендігімен көрінеді; салықтық сәйкессіздіктер жойылды; капитал нарығы мен қаржы қызметтерін, сондай-ақ көптеген басқа қызметтерді ырықтандыру жүзеге асты. 90-жылдардың аяғында сақтандыру қызметіне, банк секторына және бағалы қағаздарға салынған инвестицияларға құқықтық реттеу енгізілді. Инвесторлардың мүдделерін қорғау үшін шаралар қабылданды.

2000 жылдары қызметтерді трансшекаралық жеткізуді ырықтандыру. Осы тұста электрондық коммерция сияқты қызмет көрсету секторы туралы айта кеткен жөн. 1997 жылы Комиссия 2000 жылға электронды коммерция үшін нормативтік-құқықтық базаны құру мақсатын қойды. Осылайша, 2000/31 директива ақпараттық қоғам қызметтерінің белгілі бір құқықтық аспектілері бойынша қабылданды, атап айтқанда электрондық саудада, ішкі нарықта (электрондық коммерция директивасы). Оның мақсаты интернет-пайдаланушыларының сенімін арттыру үшін мұндай сауда-саттықтың заңды қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Ол «онлайн» қызметтері үшін, соның ішінде электрондық сауда, ішкі нарық қағидаттарын (қызмет көрсету мен агенттік бостандығын қамтамасыз ету) кеңейту және шектеулерді бірқатар үйлестіру шараларын енгізу үшін құқықтық негіз

қалыптастырады. Директива тұтынушылар мен бизнестің сенімділігін арттыратын қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында «онлайндық» қызметтерді трансшекаралық қамтамасыз етудегі кедергілерді жоюға, сондай-ақ мүше-мемлекеттердің сот практикасындағы айырмашылықтарды жоюға бағытталған.

2002 жылы ішкі қызметтер нарығының жай-күйі туралы арнайы баяндамада, Комиссия қызмет көрсету еркіндігі қағидаларын іске асыруда көптеген кедергілер бар екенін мәлімдеді, әсіресе шағын және орта бизнесте. Бұлар ішкі нарықтың одан әрі дамуы үшін елеулі кедергі болып табылады. Сондай-ақ, бұл кедергілер әкімшілік талаптарға байланысты, трансшекаралық қызметті жүзеге асырудағы құқықтық реттеудің айқын еместігінен және мүше-мемлекеттердің өзара сенімінің жоқтығынан жиі пайда болады деп айтылды. Комиссия қызмет көрсетушілер мен ЕО тұрғындары тап болатын экономикалық интеграция саясаты мен нақты жағдайдың арасындағы айтарлықтай сәйкессіздік әлі де бар деген қорытындыға келді, сондай-ақ бұл кедергілер қызмет құнына және сапасына теріс әсер етеді.

Ішкі нарықтың маңызды жетістігі - *мемлекеттік келісімшарттар жасау рәсімдерін үйлестіру*. Осылайша, 2004 жылы екі директива қабылданды: жұмысты орындауға, тауарларды жеткізуге және қызметтерді ұсынуға арналған мемлекеттік келісімшарттарды жасау рәсімдерін үйлестіру туралы 2004/18 ереже (басқаша «классикалық» директива) және Сумен жабдықтау, энергетика, көлік және почта байланысы саласындағы мемлекеттік келісімшарттарды жасау рәсімдерін үйлестіру туралы 2004/17 директивасы. Олар Еуроодақта бұрыннан бар төрт директиваны алмастырды және осылайша осы саладағы бұрынғы заңнаманы бекітуді білдіреді. Директивалар келісімшарттарды жасау Шарт қағидаларына, әсіресе негізгі бостандықтарға, сондай-ақ олардан туындайтын қағидаттарға: теңдік, кемсітпеушілік, өзара тану, пропорционалдық және ашықтық қағидаттарына сәйкес болуы тиіс екенін көрсетеді.

2003-2006 жылдардағы ішкі нарық стратегиясының басым бағыттарының бірі қызмет нарықтарының бірігуі болды, өйткені мүше мемлекеттердің қызметтер нарығын құқықтық реттеуде маңызды айырмашылықтар болған. Қызметтерді ұсыну бостандығын құқықтық реттеуді дамытудың маңызды кезеңі екі Директивалардың қабылдануы болды: кәсіби біліктілікті тану жөніндегі директива және ішкі нарықтағы қызметтер туралы директива болды.

2006/123 ішкі нарықтағы қызметтер туралы директива Кеңесте 2006 жылдың 12 желтоқсанында қабылданды. Осыған сәйкес, ішкі қызметтер нарығын құруды аяқтау үшін төрт мақсатқа қол жеткізу қажет: ЕО шеңберінде қызметтерді ұсыну еркіндігін және еркіндікті жүзеге асыруды жеңілдету; қызмет алушылардың құқықтарын күшейту; қызметтер сапасын жақсарту; мүше мемлекеттер арасындағы тиімді әкімшілік ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Комиссия 2010 ж. өзінің хабарламасында «Қоғамдық көмекті, мемлекеттік сатып алуды және жалпы экономикалық маңызы бар қызметтердің ішкі нарығын, сондай-ақ жалпы әлеуметтік қызметтерді көрсету жөніндегі ЕО ережелерін қолдану туралы нұсқау» деген жолдауды қабылдады. Онда жалпы экономикалық маңызы бар қызметтердің анықтамасы берілген.

2011 жылы *Бірыңғай нарық туралы Заңда Комиссия 2012 жылға дейін бірыңғай нарықтың жұмыс істеуін жақсарту үшін он екі жобаны ұсынды. Бұл жобалар, дәлірек айтқанда, негізгі қызметтері - экономикалық өсім, бәсекелестік және әлеуметтік даму құралдары.*

Комиссия 2011 жылғы желтоқсанда «Бірыңғай нарық туралы» Заңды орындау шеңберінде ЕО деңгейінде *мемлекеттік сатып алуларды құқықтық реттеу туралы өз ұсыныстарын берді. Бұл ұсыныстар ағымдағы құқықтық реттеуді оңайлату, сондай-ақ электрондық процедураларды қолдануды ынталандыру мақсатында қолданыстағы 2004/17 және 2004/18 директиваларын қайта қарауды көздейтін Бағдарламаның бөлігі болып табылады. Ол сондай-ақ концессия туралы директиваны қабылдауды көздейді.*

Комиссия сондай-ақ Еуропадағы *жалпы қызметтер* сапасын реттеу шеңберіндегі Хабарламаны жариялады. Экономикалық дағдарысты жеңу үшін Комиссия жеті бастаманы

ұсынған «Еуропа-2020» Стратегиясын қабылдады. Мысалы, «Ресурстарды пайдаланудағы тиімді Еуропа» бастамасы көліктік және энергетикалық секторларды дамытуды қамтиды және «Инновациялар одағы» тауарлар мен қызметтерді өндіруде инновациялық идеяларды іске асыруға бағытталған.

Стратегияның мақсаттарына қол жеткізу құралдары ішкі нарыққа, қаржы левереджіне, сондай-ақ сыртқы саясат құралдарына қызмет етуі тиіс. Ішкі нарықтың құрылуы үнемі жалғасып келеді және «Еуропа-2020» Стратегиясында көрсетілгендей, қаржы дағдарысы жағдайында ЕО даму бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады. Осыны ескере отырып, Комиссия *«Бірыңғай нарық туралы заң 2» қабылдады, ол он екі негізгі басым іс-әрекеттерді қамтиды. Экономикалық және әлеуметтік дамудың төрт негізгі бағытын анықтауға болады: интеграцияланған желілер, азаматтар мен ЕО шеңберінде кәсіпорындардың мобильділігі, цифрлық экономика және тұтынушылардың пайдасын арттыру жөніндегі іс-шаралар.*

Еуропалық Одақ шеңберіндегі қызметтер саудасын ырықтандыру үдерісі біркелкі емес дамумен сипатталады. Ұзақ уақыт бойы қызметтерді құқықтық реттеу тиімсіз болып қалды және іс жүзінде Қоғамдастықтың заңнама қағидаттарының бірі ретінде қызметтерді ұсыну еркіндігі түрлі кедергілердің көп болуына байланысты жүзеге аспады.

ЕО шеңберінде қызметтерді саудаландыру процесі жаһандану жағдайында әлемдік экономиканың дамуындағы негізгі үрдісті көрсетеді. Қызметтердің маңыздылығының өсуіне байланысты осы салада құқықтық реттеудің тиімділігін арттыру және жетілдіру қажеттілігі артты, бұл қызметтерді сатудағы кедергілерді біртіндеп жоюға бағытталған бірқатар көпжақты іс-әрекеттерге әкелді. Сонымен бірге, Ақ Құжат және Бірыңғай еуропалық заң қабылданғаннан бері басқа ЕО институттарының рөлі артты. Еуропалық Комиссия бірыңғай ішкі нарықты құру және тиімді пайдалану процесіне айтарлықтай үлес қосқан. Комиссияның құжаттары қызметтердің қозғалыс еркіндігі бойынша әртүрлі шектеулерді жеңуге бағытталған. Нәтижесінде, ЕО-ның бүкіл аумағында біртекті немесе біртекті қызметтер нарығын құруға болады және олар халықаралық саудаға айтарлықтай ықпал етеді. Қызмет көрсету секторын дамыту 2012-2013 жж. ЕО қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылатынын және 2012 жылдың қазанында қабылданған «Бірыңғай нарықтық заң 2» бағдарламасын іске асыру ЕО-да қызметтерді ырықтандыруға көмектесетінін атап өткен жөн.

Біртұтас ішкі нарықта қызметтерді сатудағы кедергілерді болдырмау «теріс» және «оң» интеграцияның өзара байланысты үш құралы арқылы жүзеге асырылды: шекаралар бойынша қызметтердің еркін қозғалысы арқылы бірыңғай ішкі нарықта қызметтермен сауданы ырықтандыру, сондай-ақ ЕО-ға мүше басқа елдерде оларды қамтамасыз ету үшін бірліктерді еркін құру; ұлттық бақылаудың сапасын өзара тану; қолданыстағы ұлттық стандарттарды үйлестіру және интеграциялық реттеу құралдарының ең аз жиынтығын құру.

Нәтижесінде, соңғы жылдары қызмет көрсетудің бірыңғай нарығын қоса алғанда, қызметтердің бірыңғай нарығын неғұрлым қарқынды қалыптастыруға бағытталған қызметтерді ұсыну еркіндігін реттейтін жаңа стандарттарды енгізу және бар стандарттарды жетілдірудің қарқынды процесі байқалып жатыр.

Осылайша, ішкі нарық бірқатар артықшылықтарға алып келді. Мүше мемлекеттердің нарықтарының ашылуының арқасында кейбір қызметтерге баға айтарлықтай төмендеді. Траншекаралық қызметтер жылдам дамуымен сипатталады: сақтандыру, жылжымайтын мүлік, көлік, туристік қызмет көрсету және т.б. Ішкі нарық құрудың аяқталуы бүгінгі күні мемлекеттердің толық бақылауында болған секторларға әсер етеді. Бұл секторларды бәсекелестікке айналдыру еуропалық экономиканың жұмыс орындарын құруға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесуі керек.

Қызметтердің бірыңғай нарығын құру үдерісі әлі аяқтала қоймады. Жаңа және өте күрделі мәселелер жедел қызмет көрсетуде халықаралық сауданың аясындағы жедел ғылыми-техникалық прогреске және жаһандануға байланысты туындайды. Жаңа

міндеттерге жауап бере отырып, интеграциялық институттар қызметтер нарығын одан әрі ырықтандыруға бағытталған бірқатар маңызды шешімдер қабылдады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Топорнин Б.Н. Европейское право: учебник. М.: Юристь,2001.
- 2.Четвериков А.О. Нормативная модель либерализации трансграничных отношений в праве Европейского Союза: правовые формы и общие принципы создания пространства без внутренних границ в рамках ЕС: монография. – М.: ООО Изд-во «Элит»,2010.
- 3.ШемятенковВ.Г.Европейскаяинтеграция:учебноепособие.М.:Международ.Отношения,2001.С.131.
- 4.AchevementduMarchéunique:lePland'actionfixel'agenda//СайтЕвропейскойКомиссии.[Электронный ресурс] URL: http://ec.europa.eu/internal_market/strategy/action-plan_fr.htm
- 5.Arrowsmith Sue. An assessment of the new legislative package on public procurement // Common market law review. 2004. Volume 41.№5.

УДК 341.01

ПРИСОЕДИНЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН К ВЕНСКОЙ КОНВЕНЦИИ О ПРАВЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ДОГОВОРОВ 1969 Г.

Киреева Айсұлу Берикқызы

Kireeva.aisulu@mail.ru

Студент I курса юридического факультета, специальности международное право ЕНУ им. Л. Н. Гумилёва.

Научный руководитель – Тлепина Ш. В.

Введение

Венская конвенция о праве международных договоров 1969 года является одним из фундаментальных источников права международных договоров и международного права в целом. И именно этим и обусловлен выбор мною данной темы для исследования.

Данный источник международного права актуален и в настоящее время, так как заключение, вступление в силу, применение, расторжение, толкование международных договоров осуществляется согласно Венской конвенции о праве международных договоров 1969 года.

Международный договор определен в Венской конвенции как международное соглашение, заключенное между государствами и/или другими субъектами международного права в письменной или устной форме и регулируемое международным правом, независимо от того, содержится ли такое соглашение в одном или нескольких документах, а также независимо от его конкретного наименования. [1] Международные договоры могут быть в форме пакта, конвенции, протокола, соглашения и другое. При этом юридическая сила договора, как это подчеркивается Конвенцией, не зависит от его наименования. [1]

При написании данной работы мною был использован текст Венской конвенции о праве международных договоров 1969, работы Колосова Ю. М., Лукашука И. И., Игнатенко Г. В., Тиунова О. И.

Данный доклад представляет собой интерес в качестве анализа содержания, истории заключения и применения Венской конвенции о праве международных договоров 1969 года.

1. История заключения Венской конвенции.

Государства издавна заключали договоры, определяя этим свои права и обязанности. Международные отношения регулировались международно-правовыми нормами, которые устанавливали порядок заключения, толкования, действия и прекращения договоров. До недавнего времени такие нормы носили обычно-правовой характер. В 1969 году в Австрии, Вене состоялась конференция, целью которой были кодификация и развитие права